

Павлодар облысы бойынша қоршаған ортаға теріс әсер ету үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2019 жылғы 14 маусымдағы № 350/31 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 маусымда № 6425 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2025 жылғы 4 шілдедегі № 212/23 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 04.07.2025 № 212/23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жана редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 14.04.2022 № 146/12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 576-бабы 8-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағы 4-тармақшасына сәйкес Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Павлодар облысы бойынша қоршаған ортаға теріс әсер ету үшін төлемақы мөлшерлемелері осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 14.04.2022 № 146/12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Павлодар облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихат хатшысы

С. Оразбаев

Б. Бексейітова

Павлодар облыстық
мәслихатының

Павлодар облысы бойынша қоршаған ортаға теріс әсер ету үшін төлемақы мөлшерлемелері

Ескерту. 1-қосымшасының тақырыбы жаңа редакцияда – Павлодар облыстық мәслихатының 14.04.2022 № 146/12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Стационарлық көздерден ластаушы заттарды шығарғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облыстық мәслихатының 14.04.2022 № 146/12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

P/c №	Ластаушы заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)	1 килограмм үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)
1	2	3	4
1	Күкірт оксидтері (SOx)	20	
2	Азот оксидтері (NOx)	20	
3	Шаң және күл	10	
4	Қорғасын және оның қосындылары	3 986	
5	Күкіртсутек	124	
6	Фенолдар	332	
7	Көмірсутектер	0,32	
8	Формальдегид	332	
9	Көміртегі монооксиді	0,32	
10	Метан	0,02	
11	Күйе	24	
12	Темір тотықтары	30	
13	Аммиак	24	
14	Алты валентті хром	798	
15	Мыс тотықтары	598	
16	Бенз(а)пирен		996,6

2. Ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағудан ластаушы заттарды шығарғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

P/c №	Ластаушы заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)
1	2	3
1	Көмірсутектер	44,6
2	Көміртегі тотықтары	14,6

3	Метан	0,8
4	Күкірт диоксиды	200
5	Азот диоксиды	200
6	Күл	240
7	Күкіртті сутегі	1240
8	Меркаптан	199320

3. Жылжымалы көздерден атмосфералық ауаға ластаушы заттарды шығарғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Отын түрлері	Пайдаланылған отынның 1 тоннасы үшін мөлшерлеме (АЕК)
1	2	3
1	Этилденбеген бензин үшін	0,66
2	Дизель отыны үшін	0,9
3	Сұйытылған, сығылған газ, керосин үшін	0,48

4. Ластаушы заттарды төккені үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облыстық мәслихатының алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он 14.04.2022 № 146/12 (күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р/с №	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)
1	2	3
1	Нитриттар	1 340
2	Мырыш	2 680
3	Мыс	26 804
4	Оттегіні биологиялық тұтыну	8
5	Тұзды аммоний	68
6	Мұнай өнімдері	536
7	Нитраттар	2
8	Жалпы темір	268
9	Сульфаттар (анион)	0,8
10	Өлшенген заттар	2
11	Синтетикалық бетүсті-белсенді заттар	54
12	Хлоридтер (анион)	0,2
13	Алюминий	54

5. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын көму үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 14.04.2022 № 146/12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р/с №	Қалдықтардың түрлері	Төлемақы мөлшерлемелері (АЕК)	
		1 тонна үшін	1 гигабек-керель (Гбк) үшін
1	2	3	4
1	Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын полигондарда, жинақтағыштарда және арнайы бөлінген орындарда көмгені үшін:		
1.1	Осы кестенің 1.2-жолында көрсетілген қалдықтарды қоспағанда, төлемақыны есептеу мақсаттары үшін қауіптілік қасиеттері ескерілетін қалдықтар:		
1.1.1	қауіпті қалдықтар	8,01	
1.1.2	қауіпсіз қалдықтар	1,06	
1.2	Төлемақыны есептеу мақсаттары үшін қауіптілік қасиеттері ескерілмейтін қалдықтардың жекелеген түрлері:		
1.2.1	Коммуналдық қалдықтар (қатты тұрмыстық қалдықтар, кәріздік тазарту құрылыстарының тұнбасы)	0,38	
1.2.2	Тау-кен өндіру өнеркәсібінің және карьерлерді игеру қалдықтары (мұнай мен табиғи газды өндіруден басқа):		
1.2.2.1	аршынды жыныстар	0,004	
1.2.2.2	жанасқан таужыныстары	0,026	
1.2.2.3	байыту қалдықтары	0,02	
1.2.2.4	шлактар, шламдар	0,038	
1.2.3	Құрамында пайдалы қазбалар бар кенді, концентраттарды, агломераттарды және шекемтастарды қайта өңдеу, қорытпалар мен металдар өндірісі кезінде металлургиялық қайта жасауда түзілетін шлактар, шламдар	0,038	

1.2.4	Күл және күл шлактары	0,66	
1.2.5	Ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары, оның ішінде қи, құс саңғырығы	0,002	
1.2.6	Радиоактивті қалдықтар:		
1.2.6.1	трансуранды		0,76
1.2.6.2	альфа-радиоактивті		0,38
1.2.6.3	бета-радиоактивті		0,04
1.2.6.4	шынақты радиоактивті көздер		0,38

6. Көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде түзілетін күкіртті ашық түрде күкірт карталарында орналастыру үшін төлемақы мөлшерлемелері бір тонна үшін 7,54 АЕК құрайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 14.04.2022 № 146/12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Павлодар облыстық
мәслихатының
2019 жылғы "14" маусымдағы
№ 350/31 шешіміне
2-қосымша

Павлодар облыстық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Павлодар облыстық мәслихатының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы "Павлодар облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" № 301/37 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4233 болып тіркелген, 2014 жылғы 30 желтоқсанда "Сарыарқа самалы", "Звезда Прииртышья" газеттерінде жарияланған).

2. Павлодар облыстық мәслихатының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы "Облыстық мәслихатының (V сайланған XXXVII сессиясы) 2014 жылғы 12 желтоқсандағы "Павлодар облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" № 301/37 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" № 401/46 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4880 болып тіркелген, 2016 жылғы 14 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. Павлодар облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы "Облыстық мәслихатының (V сайланған XXXVII сессиясы) 2014 жылғы 12 желтоқсандағы "Павлодар облысы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" № 301/37 шешіміне өзгерістер енгізу туралы"

№ 79/10 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5330 болып тіркелген, 2017 жылғы 13 қаңтарда "Регион.kz" газетінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК